

Біржолғы талондар құны туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 269 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 04 қарашада N 5-17-153 тіркелді. Күші жойылды - Ұлан аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 88 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан аудандық мәслихатының 20.12.2012 N 88 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы 6 бабының 2 тармағына және 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Заңының

36 бабының 6 тармағына сәйкес, Ұлан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызмет үшін біржолғы талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Базарларда тауарларды сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету кезінде берілетін біржолғы талондардың құнының мөлшері, базарлардың аумақтарындағы дүңгіршектерде, стационарлы бөлме-жайларда (оқшауланған блоктарда) сатудан басқасы, 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Ұлан аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 қазандағы N 147 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-17-115 нөмірімен 2009 жылғы 23 қарашада тіркелген, "Ұлан таңы" газетінің 2009 жылы 4 желтоқсандағы № 56 санында жарияланған) "Бір рет берілетін талондар құнының мөлшері туралы" шешімнің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

К. Молкубаева

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Д. Турсунбаев

Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлері үшін біржолғы талондар құны

Рет №	Эпизодтық сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлері (стационарлы үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтерден басқасында)	Бір күнге берілетін біржолғы талонның құны, теңгемен
1	Газеттер мен журналдар сату	70
2	Тұқым, сондай-ақ отырғызатын материалдар (көшеттер) сату	100
3	Бақша өнімдерін қолдан сату	250
4	Саяжай және үй маңындағы телімдерде өсірілген тірі гүлдерді сату	70
5	Жануарлар мен құстар тағамдарын сату	100
6	Сыпырғыш сату	150
7	Орман жидектерін сату	150
8	Бал сату	250
9	Саңырауқұлақ сату	150
10	Балық сату	350
11	Жекеменшік трактор иелерінің жер телімдерін өңдеу жөнін көрсететін қызметтер	500
12	Үй жануарлары мен құстарды өсіру	200
13	Қосалқы ауыл шаруашылық өнімдерін сату, соның ішінде:	
	ірі қара мал	350
	жылқы	500
	қой	100
	қозы	70
	шошқа	100
	қымыз	200
	сүт, қаймақ, ірімшік	150
	жұмыртқа	150
14	Бак, бау-бақша және саяжай телімдерінің өнімдерін (көкөніс, жеміс-жидек, консервіленген көкөніс және жеміс-жидек, тосап) сату, соның ішінде:	
	қолдан	100
	жеңіл автокөліктен	1000
	жүк автокөлігінен, оның ішінде:	
	4 тоонаға дейінгі жүкпен	1800
	4-тен 10 тоннаға дейінгі жүкпен	2500
	10 тоннадан жоғары жүкпен	3500

Базарларда тауарларды сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету кезінде берілетін біржолғы талондардың құнының мөлшері, базарлардың аумақтарындағы дүңгіршектерде, стационарлы бөлме-жайларда (оқшауланған блоктарда) сатудан басқасы

Рет №	Қызметті жүзеге асыру түрлері және шарттары	Бір күнге берілетін біржолғы талонның құны, теңгемен
1	Тағам өнімдерін сату (қосалқы ауыл шаруашылық тағамдарынан басқасы), соның ішінде:	
	сатуға арналған орындардан	1 шаршы метрге 50 теңге
	палаткадан	1 шаршы метрге 30 теңге
	қолдан	50 теңге
	жеңіл автокөліктен	1000 теңге
	жүк автокөлігінен, оның ішінде:	
	4 тоннаға дейінгі жүкпен	1800 теңге
	4-тен 10 тоннаға дейінгі жүкпен	2500 теңге
	10 тоннадан жоғары жүкпен	3500 теңге
2	Өнеркәсіп тауарларын сату, соның ішінде:	
	сатуға арналған орындардан	1 шаршы метрге 50 теңге
	қолдан	50 теңге
	жеңіл автокөліктен	950 теңге
	жүк автокөлігінен	1800 теңге
3	Қосалқы ауыл шаруашылық өнімдерін сату, соның ішінде:	
	ірі қара мал	350 теңге
	жылқы	500 теңге
	қой	100 теңге
	қозы	70 теңге
	шошқа	100 теңге
	қымыз	200 теңге
	сүт, қаймақ, ірімшік	150 теңге
	жұмыртқа	150 теңге